

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖОСПАРЛАНҒАН ЖӘНЕ ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАР

Мектептің тәрбие жұмысының тақырыбы: «Тәрбие үрдісінде интерактивті технологияларды пайдалана отырып, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтарын жүзеге асыратын құзіретті, бәсекеге қабілетті, өзін-өзі басқара алатын жеке тұлғаны қалыптастыру».

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілікпен, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже: Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. Отаншыл, намысшыл, халқына адал, қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, ар-ұятты жоғары бағалайды.

Біртұтас тәрбиенің құндылықтары:

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық құндылықтары арқылы өтеді.

1. Ұлттық мүдде
2. Ар-ұят
3. Талап

Тәрбие саласы бойынша жұмыстың түрлері:

- ❖ Наркологиялық бекет жұмысы
- ❖ Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы
- ❖ Қыздар кеңесі
- ❖ Ұлдар кеңесі
- ❖ Мемлекеттік Рәміздерді насихаттау жұмыстары

Мектептегі тәрбие жұмысының жүргізілу сапасы.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша жұмыс

жоспары жасалынып, бірқатар жұмыстар жүргізілді. Оқу жылының басында атқарған жұмыстарға талдау жасау арқылы 2023-2024 оқу жылына міндеттер айқындалды, ұйымдастыру шаралары іске асты: сынып жетекшілер тағайындалды, оқушылардың және ата-аналардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жиналды, тәрбие жоспарының бағыттары белгіленді, сынып бөлмелері бекітіліп, белгіленді. Сонымен қатар тәрбие шараларына бақылау-басшылық жасау іске асты. Оның ішінде сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары тексерілді, бекітілді, оқушылардың киім-киісіне, күн режиміне бірыңғай талаптар қойылды. Мектептегі тәртіпті жақсарту мақсатында кезекшілер кеңесі құрылып бір жылғы сыныптар арасында кезекшілік кесте жасалынып, жұмыстар атқарылды. Ата-аналарды педогогикалық қолдау орталығы ашылып, жоспарға сай сабақтар өткізілді. Сынып арасындағы рейтинг жүргізудің реттілігі мен мақсаттылығы және тоқсан сайынғы тәрбие жұмыстар бойынша есебі мен педагогикалық кеңесте талқыланатын мәселелер қамтылды.

Тәрбие құндылықтары:

1. Ұлттық мүдде
2. Ар-ұят
3. Талап

Мақсаты: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу, Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу, Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу, ұлттық мұраға ұқыпты қарау, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, қоғам игілігі үшін қызмет ету, Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу, ұлттық мәдинетті дәріптеу. Сыни және креативті ойлау, жеке және командамен жұмыс істей білу, білуге жаңаны тануға құштар болу, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерлету, дұрыс қарым-қатынас орнату білу, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

2023 -2024 оқу жылының қыркүйек – мамыр айлары аралығында төмендегідей іс шаралар атқарылды. Қыркүйек айы білім күніне арналған «Мектебім – мейірім мектебім» салтанатты жиынмен басталды. 2-9 сыныптар А.Байтұрсынұлының туған күніне орай «Тіл тазалығы» апталығы өткізілді. Қазақ тілі ӘБ жетекшілері «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» тақырыбында оқушылардан эссе жазуды ұйымдастырды. «25 қазан - Республика күніне арналған «Қыран елім- Қазақстан!» тақырыбында өткізілетін іс -шара жоспары жасалынды. 2-4 сыныптардан «Атамекен» тақырыбында диктанттар алынса, 5-11 сыныптардан «Менің арманымдағы Қазақстан!» тақырыбында эссе алынды. Гимн, құттықтау сөз, флешмоб, челлендж, сынып сағаттар шеруі ұйымдастырылып өткізілді. «Төрт тоқсанға төрт өнер» жобасына орай «Айтыс – арқалы өнер» деген тақырыпта 5-9 сыныптар арасында тәрбие сағаттары өткізілді.

«Жолда жүру ережесін білеміз бе?» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

«Саяхат» тақырыбында биология пән мұғалімдері М.Тульчиков пен У.Қадыр 6 сынып оқушыларымен аудандық мұражайға және «Жас натуралистер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жылыжайына саяхаттауға барды. Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіз елдің жарқын болашағы» тақырыбында іс-шара өткізілді. Мақсаты: оқушылардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру. «Ұлттық рух-тәуелсіздік тірегі» атты апталық аясында мектепте барлық сыныптарда сынып сағаттары, 5-7 сыныптар арасында сурет көрмесі өткізілді, сонымен қатар кітап көрмесі, сұрақ-жауап сұхбаты, әдеби кеш, дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Оқу- тәрбие жоспарына сай «Жомарт күз» атты мектепшілік қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді. Мектепшілік жәрмеңке 1-11 сынып аралығында ұйымдастырылды. Қайырымдылық жәрмеңкесін өткізу кестесі кестеге сәйкес құрылды. 7-9 сыныптар арасында «Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы аясында «Алтын қазына» қолөнер бұйымдарынан көрме ұйымдастырылды.

«Қызым үйде, қылығы түзде» тақырыбында 8-11 сыныптар арасында тәрбие сағаттары өткізілді. Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жылдығына орай «Азамат ердің баласы» тақырыбында 1-4 сыныптар арасында тәрбие сағаттары өткізілсе, 5-9 сыныптар арасында «Жалынды ақын Махамбет» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Мектеп психологы Қарабаева Айнұр 5 – 11 сынып оқушыларынан «Өз құқығыңды білесің бе?» деген тақырыпта сауалнама алынып, нәтижелері шығарылды.

«Құқықтық білімнің маңызы» ЮПТ-ң инспекторымен кездесу өткізілді. І.Жансүгіровтың 130 жылдығына орай «Жыр Құлагері» атты тақырыпта 8-9 сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізілді. «Өлкетану», «Музей күні» жобасы аясында «Менің туған ауылымның тарихы мен мәдениеті» тақырыбында өлкетанулық сабақтар өткізілді. Жауынгер-интернационалист тақырыбында 11 сынып оқушыларымен кездесу сабақтары өткізілді. «Дені сау ұрпақ- ұлт болашағы» тақырыбында 5-7 сыныптар арасында сынып сағаты өткізілді. 1-11 сынып оқушыларына жоспарлы «Рәміздер – рухымыз, ар ожданымыз» тақырыбында танымдық сынып сағаттары өткізілді.

6-7 сыныптар арасында «Тоғыз айға 9 іс-шара» аясында «Асық ату» челленджі ұйымдастырылып өткізілді.

5-10 сыныптар арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Үздік оқырман» байқауы өткізілді. 1-11 сыныптар арасында «Ең бірінші бақытым-тілім менің!» атты ақиық ақын М.Мақатаевтың шығармашылығына орай мектеп кітапханасында кітаптар көрмелері ұйымдастырылды.

Төле Би Әлібекұлының туғанына 340 жыл толуына орай тарих пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен, 5- 9 сынып оқушыларының қатысуымен «Туралықты тұғыр еткен Төле би», «Төле би - тура би, сөз сардары» тақырыптарында адалдық сағаттары өткізілді.

6-7 сыныптар арасында «Тоғыз айға 9 іс-шара» аясында «Асық ату» челлендж ұйымдастырылып өткізілді.

«Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы аясында 9-10 сынып оқушыларына мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен фильм көрсетілді. «Ұлттық тәрбие - құндылық бастауы» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Қош келдің,Әз Наурыз!» атты наурыз мерекесіне арналған апталық ұйымдастырылып өтті.

«Ұлттық тәрбие – құндылық бастауы» тақырыбында ұлттық салт-дәстүр сайысы өткізілді. «Шеберлер қаласы: ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз және көбейтеміз» атты сәндік – қолданбалы қолөнер көрмесі ұйымдастырылды. 4-9 сынып оқушылары арасында «Болашаққа хат» тақырыбында шығарма жазды. Мақсаты: туған елінің болашағына үлес қосып, елі, жері үшін қызмет етуге тәрбиелеу.

Алғашқы әскери дайындық пәнінің жетекшісінің ұйымдастыруымен Ұлы жеңіс мерекесіне арналған «Ерлікке тағзым» апталығы, сынып сағаттары ұйымдастырылып өткізілді.

Наркологиялық бекет жұмысы

Қыркүйек айында наркобекет құрамы бекітіліп, жоспары жасалынды. Жоспарға сай қыркүйек айында денсаулық күніне орай оқушылармен «Спорт денсаулық кепілі» тақырыбында балаларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қазан айында мектеп психологы А. Қарабаева 5-11 сынып оқушылар арасында насыбай, темекіге бейім оқушыларды анықтау мақсатында (анонимді) сауалнама жүргізді. Қараша айында 9-11 сыныптар аралығында «Құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары» бойынша ІІБ қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылды. 8-10 сыныптар аралығында «Нашақор ғасыр дерті» тақырыбында мектеп психологы оқушыларға баяндама оқыды. 4-5 сыныптар аралығында мектеп медбикесі «Дені саудың-жаны сау» тақырыбында оқушыларға әңгіме кеңес жүргізіп отырады. Желтоқсан айында 7 сынып оқушылары «Темекі зиянды дерт» тақырыбында эссе жазды. 8-11 сыныптар аралығында ЖҚТБ қорғау жұмысы бойынша мектеп психологы тарапынан сауланама алынды.

ҚР Мемлекеттік Рәміздерді насихаттау жұмыстары туралы

Тұрар Рысқұлов атындағы мектеп - лицейі бойынша 2023 – 2024 оқу жылында Мемлекеттік Рәміздерді насихаттау бойынша жоспар құрылып, аудандық білім бөлімінің басшысымен келісіліп, мектеп директорымен бекітілген. Ұлттық стандартқа сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын,Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жою жөніндегі комиссия құрамы бекітіліп, бұйрық шығарылды. Мектептің барлық кабинеттерінде мемлекеттік рәміздер ілінген. Мектептің бірінші қабатындағы дәлізінде рәміздерге арналған оқшауланған бұрыш жасақталған.

Жоспар негізінде төмендегідей жұмыстар атқарылды: Қыркүйек айында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының міндеттеріне сәйкес жалпы білім беретін мектептерде аптаның әр дүйсенбісі 1-ші сабақта Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимн орындау мен сынып сағаттарының бірыңғай күні болып белгіленді. Қазан айында «Мемлекеттік рәміздер еліміздің нышаны» тақырыбында акция ұйымдастырылды. 1-4 сыныптар арасында «Бұл – біздің Ту, Бұл – біздің Әнұран, Бұл біздің - Елтаңба» тақырыбында сурет байқауы өткізілсе, 6-7 сыныптар арасында «Шарықта, шырқа көкте, көк байрағым!» патриоттық әндер байқауы өткізілді. «Тоғыз айға тоғыз іс шара» аясында 23 қазан күні бір уақытта оқушылар мен педагогтер Мемлекеттік Гимн орындалды. Гимн орындау мақсаты: оқушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету, мемлекеттік рәміздеріне деген құрмет, Отаны үшін қадір-қасиет сезімін қалыптастыру. Қараша айында тарих пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 5-7 сынып оқушыларының қатысуымен 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай "Мемлекеттік рәміздер - ел мәртебесі" тақырыбында викториналық ойыны сыныптар арасында өтті. Желтоқсан айында «Қызыл жебе» дебат клубы «Рәміздерге құрмет – қастерлі міндет» тақырыбында пікір- сайыс турнирін өткізілді. Қаңтар айында Қазақстан Республикасының Рәміздерін насихаттау мақсатында "Еліміздің рәміздері –егемендігіміздің айғағы" тақырыбында 1-11 сыныптар арасында ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Ақпан айында көркем еңбек пәнінің ұйымдастыруымен 6-7 сыныптар арасында «Елтаңбасы елімнің неткен әсем, әдемі!» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Наурыз айында 1-11 сыныптар арасында «Туым-намыс, ұраным-бірлік, рәміздерім мақтанышым» тақырыбында танымдық сағаттар өткізілді. Аудандық «Елтаңбасы елімнің неткен әсем, әдемі!» атты сурет байқауына қатысып шығармашылығымен ерекшеленген Жақсылық Інжу, Санчархан Кәусар Асанқызы III орын мен марапатталды, жетекшісі: Гүлсім Сейтімбетова, Лаура Мусаева.

Наурыз айында көріктендіру, көгеріштендіру, санитарлық тазалық айлығын өткізу жұмыстары жүргізілді. Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың «Таза Қазақстан» атты 5 апталық Республикалық экологиялық акциясын өткізу туралы тапсырмасына сәйкес, Тұрар Рысқұловтың "Жасыл аймақ" акциясы аясында мектеп аумағына ағаш көшеттері отырғызылды. Тұрар Рысқұловтың туғанына 130 жыл толуына орай мектеп-лицейінің аумағына ағаш көшеттерін, гүлзарлар отырғызып, тал-дарактарды ақтау, аббаттандыру, тазалық жұмыстары жүргізілді.

Аталмыш сенбілікке ауыл әкімі Мұратбек Айтымбетұлының бастамасымен, мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, мектеп қызметкерлері, "Жас ұлан" ұйымының мүшелері, "Өзін-өзі" басқару ұйымының мүшелері бір кісідей ат салысты.

2023-2024 оқу жылғы көркем еңбек, музыка пәні бойынша жетістіктері.

№	Байқаулардың атауы	Аудандық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық
1	Жалпы орта, техникалық және кәсіптік, қосымша білім берудегі білім алушылар арасында қашықтан өткен «Балалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» атты балалар суретінен республикалық байқауы			ІІІ дәрежелі диплом	
2	«Бояулар құпиясы» атты республикалық шығармашылық байқауы			І дәрежелі диплом	
3	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілген «Жаңарған Қазақстан» Халықаралық өнер-білім байқауы				І дәрежелі диплом
4	Амангелді Имановтың 150 жылдығына орай «А.Имановтың ерліктеріне композициялық үздік иллюстрация» атты аудандық сурет байқауы	ІІ дәрежелі диплом	ІІІ дәрежелі диплом		
5	25 қазан –Республика күніне орай «Отаным-бақыт мекенім» атты аудандық сурет байқауы	ІІІ дәрежелі диплом			
6	Аудандық «Қазақстан –менің Отаным» атты сурет байқауы	ІІ дәрежелі диплом			
7	«Тұғыры биік тәуелсіздік» атты Тәуелсіздік күніне орай Республикалық шығарма -шылық байқауы			І дәрежелі диплом	
8	«Тұғыры биік тәуелсіздік» атты Тәуелсіздік күніне орай Республикалық шығармашылық байқауы			І дәрежелі диплом	
9	«Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен өткізілген «Қыс ғажайыптары» сурет байқауы			І дәрежелі диплом	
10	«Атамұра» республикалық «Бояулар құпиясы» сурет байқауы			ІІ дәрежелі диплом	
11	«Атамұра» республикалық «Бояулар құпиясы» сурет байқауы			Сертификат	

12	«Жаңа Қазақстан» Республикалық «Әбілхан ата мұрасы» атты сурет- қолөнер байқауы			II дәрежелі диплом	
13	«Жаңа Қазақстан» Республикалық «Әбілхан ата мұрасы» атты сурет- қолөнер байқауы			I дәрежелі диплом	
14	«Елтаңбасы елімнің неткен әсем,әдемі!» атты сурет байқауы	III дәрежелі диплом			
15	«Аналар-асыл жандар» ән байқауы	III дәрежелі диплом			
16	«Алтын қазна » сәндік қолданбалы көрме байқауы	III дәрежелі диплом			
17	«Қош келдің-Әз Наурыз!» атты балалар шығармашылық көрме байқауы	III дәрежелі диплом			
18	«Қош келдің-Әз Наурыз!» атты балалар шығармашылық көрме байқауы	I дәрежелі диплом			
19	N Alproduction продюсерлік орталығының ұйымдастыруымен өткен 2023-2024 о/ж сәуір айындағы республикалық «тарихымыздың құты-тайқазан» балалар көзімен» атты жас суретшілер байқауы			I дәрежелі диплом	

Жалпы орта,техникалық және кәсіптік, қосымша білім берудегі білім алушылар арасында қашықтан өткен «Балалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» атты балалар суретінен республикалық байқауында «Сыбайлас жемқорлықсыз әлем» номинациясы бойынша Жақыб Балнұр 3 дәрежелі дипломмен марапатталды, жетекшісі Г.Ахатаева Алғыс хатпен марапатталды.Республикалық «Бояулар құпиясы» атты шығармашылық байқауының «Бейнелеу өнері» номинациясы бойынша Жақыб Балнұр 1 дәрежелі дипломмен марапатталды, жетекшісі Г.Ахатаева. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілген «Жаңарған Қазақстан» халықаралық өнер-білім байқауына қатысып «Вокал» бөлімі бойынша

Бейшенкүл Кәусар 1 дәрежелі дипломмен марапатталып, лауреат атанды. Жетекшісі Г.Батракова «Үздік жетекші» дипломымен марапатталды. Амангелді Имановтың 150 жылдығына орай «А.Имановтың ерліктеріне композициялық үздік иллюстрация» атты аудандық сурет байқауында Мырқазы Айдана 2 дәрежелі дипломмен марапатталып, облыстан 3 орын иеленді, жетекшісі Г.Ахатаева. 25 қазан –Республика күніне орай «Отаным-бақыт мекенім» атты аудандық сурет байқауына Сәбит Жұлдыз қатысып, 3 дәрежелі дипломмен марапатталды, Аудандық «Қазақстан –менің Отаным» атты сурет байқауында Санчархан Кәусар 2 орын иеленді, жетекшісі Г.Сейтімбетова. Қашықтан өткен «Тұғыры биік тәуелсіздік» атты Тәуелсіздік күніне орай Республикалық шығармашылық байқауда «Бейнелеу өнері» номинациясы бойынша Құрал Жанәлі 1 дәрежелі дипломмен марапатталды. Дәл осы байқауға Сейсенбай Әсем қатысып 1 дәрежелі дипломмен марапатталды.Қашықтан өткен «Тұғыры биік тәуелсіздік» атты Тәуелсіздік күніне орай Республикалық шығармашылық байқаудың «Қолөнер» номинациясы бойынша Құрал Жанәлі 1 дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен өткізілген республикалық «Қыс ғажайыптары» сурет байқауына қатысып, үздік өнер көрсеткендері үшін Әділжан Раяна, Абзабек Айзере, Оңғар Ерасыл, Қажымахан Айару, Исатай Жасмин І дәрежелі дипломмен марапатталды. «Атамұра» республикалық «Бояулар құпиясы» ғылыми-әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен 2023-2024 оқу жылының қаңтар айындағы «Бояулар құпиясы» сурет байқауына Болысбек Данеля ІІ орын иеленгені үшін дипломмен және сертификатпен марапатталды. «Әбілхан ата мұрасы» атты сурет- қолөнер байқауында үздік өнер көрсетіп, жеңімпаз атанған Әділжан Раяна Бақытжанқызы, Болысбек Данеля Бекжанқызы ІІ дәрежеді дипломмен марапатталды. Жақыб Балнұр Қайратқызы, Марат Айша Азаматқызы, Сатыбалды Сымбат Ержанқызы І дәрежелі дипломмен марапатталды.«Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында өткізілген республикалық «Әбілхан ата мұрасы» атты сурет- қолөнер байқауында үздік өнер көрсетіп, жеңімпаз атанған Керімбай Дария, Жақсылық Інжу, Санчархан Каусар, Құрал Жанель, Сейсенбай Әсем 1 дәрежелі дипломмен марапатталды. NA!production продюсерлік орталығының ұйымдастыруымен өткен 2023-2024 о/ж сәуір айындағы республикалық «Тарихымыздың құты-тайқазан» балалар көзімен» атты жас суретшілер байқауына қатысып 1 орын иеленгені үшін 6 сынып оқушысы Сейсенбай Әсем 1 орынмен марапатталды. Аудандық «Елтаңбасы елімнің неткен әсем, әдемі!» атты сурет байқауына қатысып шығармашылығымен ерекшеленген Жақсылық Інжу, Санчархан

Кәусар Асанқызы III орынмен марапатталды. Аудандық «Аналар-асыл жандар» ән байқауына қатысып үздік өнер көрсеткені үшін Болат Айару III орынмен марапатталды. Аудандық «Алтын қазына» сәндік қолданбалы көрме байқауына қатысып Ғабдол Айша III орынмен марапатталды. Мұхтар Әуезовтың «Көксерек» шығармасы бойынша аудандық жас суретшілер байқауына қатысып, Қияс Алина алғыс хатпен марапатталды. Тұрар Рысқұлов ауданының 85 жылдығына орай «Тау тұлғалы Тұрар» тақырыбындағы сурет байқауында Жақып Балнұр 2 орын иеленді. «Армысың, Әз Наурыз!» атты аудандық ұлттық сәндік-қолданбалы көрме байқауында Қылышбек Асылай 3 орын, Бірімжар Мадина 2 орын иеленді. Аудандық «Жас Ұланның – Жұлдызы!» патриоттық ән байқауына Алимкулова Елдана қатысып, 2 орынмен марапатталды. Аудандық «Аналар – асыл жандар» атты ән байқауында Әсенбек Каусар 2 орын иеленді. «Адал еңбек көрінісі» атты сурет байқауына қатысып, Құралбек Гүлім 2 орынмен марапатталды. «Ұлы Жеңіс ерліктері ұмытылмайды» атты аудандық сурет байқауынан Бірімжар Мадина 1 орын иеленді. Қ. Қасеновтың ерліктеріне үздік композициялық иллюстрация» атты сурет байқауына Нұрғазы Мерей қатысып 3 орын иеленді.

Облыстық инновациялық идеялар байқауының «Компьютерлік және 3D модельдеу» номинациясы бойынша Әуесбек Дархан 2 орын иеленді. Облыстық «Адал еңбек көрінісі» байқауында Құралбек Гүлім III дәрежелі дипломмен марапатталды. Облыстық «Сән толқыны» тақырыбындағы жас дизайнерлер байқауында «Ұлттық киім» номинациясы бойынша Жақай Мариям 1 орын иеленді.